

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Арыққарақызы Е. Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы (Балалар туындыларының ерекшелігі)</i>	<i>8-14</i>
<i>Баекенова А., Тұрысбек Р. Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар (Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде)</i>	<i>15-22</i>
<i>Қожашев М. Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік</i>	<i>23-29</i>
<i>Мусайева И. Әзербайжан классикалық әдебиетіндегі роман жанрының генезисі</i>	<i>30-43</i>
<i>Назарова А., Мансұров Н. «Мифологем» терминінің этимологиялық сипаты</i>	<i>44-50</i>
<i>Рысқұлбекова С., Дүйсенгазы С. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдісі</i>	<i>51-58</i>
<i>Сыдықбаева А., Аймұхамбет Ж. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша)</i>	<i>59-67</i>
<i>Тебегенов Т., Қожашев М. Жамбыл - Ұлы дала жыршысы</i>	<i>68-73</i>

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдуова Б. Маманның кәсіби тілдік құзыреттілігі: дерек пен бағдар</i>	<i>74-82</i>
<i>Ержуманова А., Елубай А. Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы</i>	<i>83-91</i>
<i>Жұмағұлова В., Кәрімова Б. Қоғамдық санаға ықпал етудегі БАҚ-тың лингвокогнитивтік мүмкіндіктері</i>	<i>92-99</i>
<i>Исенова Ф. Студенттердің жазбаша құзыреттілігін қалыптастырудағы академиялық эссе және оның рөлі</i>	<i>100-106</i>
<i>Құсайынова Ж. Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы</i>	<i>107-114</i>
<i>Логинова М., Жарқынбекова Ш. Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі</i>	<i>115-128</i>
<i>Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері</i>	<i>129-136</i>
<i>Осокина Д., Мұрзалина Б. Ретроним – жаңа ағылшын терминдерін жасаудың амалы</i>	<i>137-145</i>
<i>Сарекенова Қ., Тұрарханова Қ. Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері</i>	<i>146-152</i>
<i>Шахпұтова З., Нуртазина М. Лингвистиканың бинарлық қарама-қарсылықтары – әлемнің тілдік бейнесіндегі концептуализация тәсілі</i>	<i>153-164</i>

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Arikkarakzy E.</i> Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works)	8-14
<i>Bayekenova A., Turysbek R.</i> Epistolary Heritage: Letters and Correspondence (based on correspondence of Sabit Mukanov)	15-22
<i>Kozhashev M.</i> Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery	23-29
<i>Musaeva I.</i> Genesis of the Novel in Classical Azerbaijani Literature	30-43
<i>Nazarova A., Mansyrov N.</i> Etymological Characteristics of the Term «Mythologeme»	44-50
<i>Ryskulbekova S., Duysengazy S.</i> Independence of Tolgau: Fundamentals and Current Trends	51-58
<i>Sydykbaeva A., Aimukhambet Zh.</i> Manifestation of Anthropomorphism in Modern Kazakh Story (based on Askar Altai's story «Centauri»)	59-67
<i>Tebergenov T., Kozhashev M.</i> Zhambyl - Poet of the Great Steppe	68-73

Linguistics and methodics

<i>Abduova B.</i> Professional Language competence: Facts and Direction	74-82
<i>Erzhumanova A., Elubai A.</i> English Indefinite Aspect: Development in Diachrony and Synchrony	83-91
<i>Zhumagulova V., Karimova B.</i> Linguo-Cognitive Opportunities of Mass Media in Manipulating Public Consciousness	92-99
<i>Issenova F.</i> Academic Essay and Its Role in the Formation of Students' Written Competence	100-106
<i>Kussaiynova Zh.</i> Influence of Actualization and Deactualization Phenomena on Syntactic Laws	107-114
<i>Loginova M., Zharkynbekova Sh.</i> The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge	115-128
<i>Mamayeva G.</i> Single-rooted Turkic terms	129-136
<i>Ossokina D., Murzalina B.</i> Retronym as a Mean of Formation of New English Terms	137-145
<i>Sarekenova K., Turarkhanova K.</i> Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish	146-152
<i>Shakhputova Z., Nurtazina M.</i> Linguistic Binary Oppositions As a Way of Conceptualization of Linguistic World View	153-164

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Арыккарақызы Е.</i> Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений)	8-14
<i>Баекенова А., Турысбек Р.</i> Эпистолярное наследие: письма и переписки (по материалам переписки Сабита Муканова)	15-22
<i>Кожашев М.</i> Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова	23-29
<i>Мусайева И.</i> Генезис романа в классической азербайджанской литературе ...	30-43
<i>Назарова А., Мансуров Н.</i> Этимологическая характеристика термина «мифологема»	44-50
<i>Рыскулбекова С., Дуйсенгазы С.</i> Толгау независимости: основы и современные тенденции	51-58
<i>Сыдыкбаева А., Аймухамбет Ж.</i> Проявление антропоморфизма в современном казахском рассказе (По рассказу «Кентавр» Аскара Алтая)	59-67
<i>Тебегенов Т., Кожашев М.</i> Жамбыл – поэт Великой степи	68-73

Лингвистика и методика

<i>Абдуова Б.</i> Профессиональная языковая компетентность: факты и направление ...	74-82
<i>Ержуманова А., Елубай А.</i> Indefinite аспект английского языка: развитие в диахронии и синхронии	83-91
<i>Жумагулова В., Каримова Г.</i> Лингвокогнитивные возможности СМИ в воздействии на общественное сознание	92-99
<i>Исенова Ф.</i> Академическое эссе и его роль в формировании письменной компетенции студентов	100-106
<i>Кусаинова Ж.</i> Влияние явлений актуализации, деактуализации на синтаксические закономерности	107-114
<i>Логинова М., Жаркынбекова Ш.</i> Понятие «нарратив» в парадигме гуманитарного знания	115-128
<i>Мамаева Г.</i> Однокорневые тюркские термины	129-136
<i>Осокина Д., Мурзалина Б.</i> Ретроним как средство образования новых английских терминов	137-145
<i>Сарекенова К., Турарханова К.</i> Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках	146-152
<i>Шахпуртова З., Нуртазина М.</i> Лингвистические бинарные оппозиции как способ концептуализации языковой картины мира	153-164

XFTAP 16.21.47

Азиза Ержуманова¹, Анаргүл Елубай²

¹ Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

² Е.А. Букетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: ¹ azizaerjik@mail.ru, ² anar_elubai@mail.ru)

Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы

Андатпа. Аспект категориясы лингвистикада әлі күнге дейін өз шешімін таппаған тақырыптардың бірі. Ағылшын тілінде аспект категориясының төрт түрі бар: Indefinite, Continuous, Perfect және Perfect Continuous.

Бұл мақалада ағылшын тілінің лингвистикасында «аспект» категориясының түсінігі мен ағылшын Indefinite аспектісінің мағынасы мен формасының диахрония мен синхронияда дамуы қарастырылған. Өртүрлі кезеңдегі әдеби шығармалардың мысалдары негізінде Indefinite аспектісінің ежелгі дәуірде бар болғандығы және оның қолданысының әмбебаптығы дәлелденген.

Түйін сөздер: аспект категориясы, түр категориясы, шақ категориясы, Indefinite аспект, диахрония, синхрония.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-83-91>

Ағылшын тіліндегі аспект категориясы көптеген мемлекеттердің зерттеушілерінің үлкен назарын аударған, тіпті қазіргі таңда да көптеген талқылыауға салынатын тақырып. «Аспект дегеніміз не?» Көптеген ғалымдар оған әр-түрлі түсініктеме береді. Бұл жұмыста біз аспект мағынасының, біздің ойымызша, дұрыс деп саналатын түсіндірмені табуға тырыстық. Бір топ ағылшын және герман тобы тілдерінің лингвисттері оны етістіктің дербес категориясы деп таныса, енді бір топ ғалымдар оны етістіктің шақ категориясымен байланыстырады. Бұндай даудамаларға қарамастан, қазіргі ағылшын тілі грамматикасында төрт аспект бар: Indefinite, Perfect, Continuous және Perfect Continuous. Бұлардың ішінде біздің қарастырып отырғанымыз Indefinite аспектісі, оның диахрония мен синхронияда дамуын мысалдар арқылы көрсетіп, Т.А.Расторгуеваның Ежелгі дәуір ағылшын тілінде (Old English) аспект категориясы мүлдем болмаған деген тұжырымдамасының қате екенін дәлелдеу.

Ағылшын етістігінің аспект категориясы ағылшын тілінің грамматикалық құрылымы теориясы бойынша жасалған көптеген жалпы және арнайы зерттеулердің пәні болып келеді. Ғылымда бұл бағыт Ильиш Б.А., Бархударов Л.С., Смирницкий А.И., Есперсен О., Мейе А., Иванова И.П., Корнеева У.А., Кобрина Н.А., Б.Комри, О.Дахл, Г.Свит, З.Вендлер, Ф.Р.Палмер, Дж.Лич, С.Аттардо, Х.Веркюль және т.б. сияқты көрнекті ғалымдардың еңбектері арқылы берілген.

Аспектке герман және славяндық тілдер топтарының лингвистері әр-түрлі түсініктеме береді, солардың ішінде Британдық тіл және лингвистика энциклопедиясында мынадай түсіндірме береді: «Аспект» термині өзінің тар мағынасында жағдайдың құрылымына және сөйлеушінің жағдайды қалай көретініне әсер ететін грамматикалық категорияға жатқызуы кезінде қолданылады, ал кең мағынасында ол жағдайларды жіктеуге (әрекет тәсілдеріне) қатынасы бар лексикалық және семантикалық категорияларды білдіргенде қолданылады» [1, 240]. Бұл түсінідрме бойынша, аспект басқа да категориялармен сай келуі мүмкін, өйткені жағдай құрылымына және сөйлеуші оны қалай көретініне аспект категориясы ғана емес, сонымен қатар шақ категориясы да әсер ете алады.

«Тіл білімі» энциклопедиялық сөздікте аспект «етістік арқылы берілетін іс-әрекет уақыт ішінде қалай өтетінін және уақыт ішінде қалай үйлестірілетінін» (А.М. Пешковский) жалпылай көрсететін етістіктің грамматикалық категориясы» [2, 83 б.] деп беріледі.

Ю.С. Маслов өзінің «Тіл біліміне кіріспе» атты оқулығында вид (түр) категориясына мынадай сипаттама ұсынады: «Етістік категорияларының ішінде уақыт ішіндегі іс-әрекеттің өту және үйлесу түрлерін бір біріне қарсы қоятын вид (түр) категориясы ерекше орын алады. Орыс және басқа да славян тілдерінде іс-әрекетті бөлінбейтін және тұтастай (әдетте өзінің шегіне жететін іс-әрекет) белгілейтін аяқталған түр (прочитал, открыл), іс-әрекеттің тұтастығына көңіл аудармайтын, аяғына бағытталған, бірақ аяғына жетпеген, өту немесе қайталану ағымындағы іс-әрекетті белгілейтін аяқталмаған түр (читал, открывал), және іс-әрекет туралы жалпы түсінік беретін шексіз түр (имел) және т.б.» [3, 162 б.]. Бұдан біз орыс тіліндегі (басқа славян тілдеріндегідей) түр категориясы шақ категориясымен байланысты емес екендігін көріп отырмыз. Түрлердің аяқталған және аяқталмаған болып қарсы келуі етістіктің өз ішінде екендігін, уақытқа еш қатынасы жоқтығын байқап отырмыз.

Негізінен «Aspect» сөзі латын тілінің «aspectus» сөзінен шыққан, қазақ тіліндегі мағынасы «түр, әр-түрлілік». Аспектiнiң мәні етістіктің бір лексикалық мағынасының іс-әрекеттің түріне немесе әр-түрлілігіне байланысты өзгеріп отыруы. Дәстүрлі түсіндірмесі бойынша «түрдің грамматикалық категориясы лексико-грамматикалық категориясының шектілігі мен шексіздігіне негізделген» [4, 171 б.]. Кейбір ағылшын тілі лингвистері өз еңбектерінде аспектiнi «the perfect and progressive aspects» деп бөлген.

Дәстүрлі дефиницияның мазмұнында іс-әрекеттердің барлығы берілмеген, ол тек екі іс-әрекетпен шектелген: шектілік және шексіздік, егер мазмұн жоспарында екі түрлі ғана іс-әрекет болса, онда мазмұндау жоспарында екі ғана аспект болуы керек, демек, аталған шекті және шексіз іс-әрекеттерді белгілеу үшін екі семантикалық конструкция болуы керек, бірақ біз оның ақиқатқа сай келмейтінін көріп отырмыз. Бұндай «шектілік» және «шексіздік» сияқты түсініктер көбінде лингвистикалық сипаттаманы емес бір физикалық құбылысты белгілеуге сәйкес келуші еді.

Аспекттің дәстүрлі түсіндірмесі арқылы аналитикалық ағылшын тілінде аспектi іздеу лингвисттердің мынадай пайымдауларына алып келді «ағылшын тілі үшін аспект тек иллюзия ғана, өйткені ағылшын етістіктері формальді түр нышандарына ие емес» [5, 380 б.]. Л. Блумфилдтің айтуынша, ағылшын тілінде аспект категориясы іс-әрекетті «нүктелі» (кейбір ғалымдар оны перфектті немесе аяқталған деп атайды), бір тұтас ретінде қарастырады She cleaned the house. Ол үйді тазалады; және «созылыңқы» (кейбіреулер оны имперфектті немесе аяқталмаған деп атайды), белгілі уақыт аралығында созылып жатқан іс-әрекет және сол уақыт аралығында тағы да басқа бір іс-әрекет болуы мүмкін She was cleaning the house. Ол үйді тазалап жатты [5, 300 б.]. Сонымен қатар, Блумфилдтің ойынша, аспект (cleaned: was cleaning) және іс-әрекеттің аяқталғандығы категориясы (cleaned: had cleaned) «синтаксистік болады, сөзді түрлендірмейтін, ал сөзді тіркестіретін» [5, 298 б.].

Бір топ ағылшын және герман тобы тілдерінің лингвисттері аспектке әр-түрлі түсіндірме берген және де кейбіреулері оны етістіктің дербес категориясы деп таныса, енді бір топ ғалымдар оны етістіктің шақ категориясымен байланыстырады (Б.Комри, О.Джесперсон, О.Дахл, Г.Свит, З.Вендлер, Ф.Р.Палмер, Дж.Лич, С.Аттардо, Х.Веркюль және т.б.). Мәселен С.Аттардо оған мынадай түсініктеме береді «аспект – қимылдың ұзақтығын, оның басын, аяғын немесе аяқталуын белгілеу үшін қолданылатын етістік семантикасының бір бөлігі» [6]. С.Аттардоның берген түсіндірмесінен, аспектке мынадай факторлар қажет: уақыт, ол жағдайдың созылыңқылығын белгілейді, екіншісі шектілік, ол іс-әрекеттің басын не аяғын көрсетеді, үшіншісі адамның мақсаты. Бұл жерде автормен келісе алмайтын жеріміз, ол аспекттің мағынасын ашу үшін уақыттың қажеттілігі. Уақыт пен аспект екеуі етістіктің жеке дара категориялары, сондықтан олар бір біріне байланысты бола алмайды.

Оның ойынша, аспект – іс-әрекеттің концептуализациясы. Өзінің кейінгі еңбектерінде ол аспект шақ категориясының қатынасынсыз тек қана етістіктің семантикасының айрықша құзыреті екенін айтып кетті. Бұл аспектті етістіктің жеке категориясы екенін мойындаумен теңбе-тең.

Құрылымдық және генеративтік грамматиканың өкілдерінің бірі О.Дал аспектке мынадай түсіндірме береді «аспект – ол іс-әрекеттің созылыңқылығын, оның басын, оның аяғын не аяқталғанын белгілейтін етістік семантикасының бір бөлігі» [7, 22 б.]. Бұнда ғалым аспектін етістіктің грамматикалық категориясына емес, оны семантикалық категорияға жатқызып жатқаны анық көрініп тұр. О.Дал ойынша, ағылшын тілінде екі аспект бар: Perfect және Progressive. Бұдан біз О.Дал бастапқыдағы аспекттің түсіндірмесінің шектеуінен ары қарай шыға алмағанын көріп отырмыз.

Аспект мағынасы туралы түсіндірмелердің әр-түрлілігі жайлы Б.Комри былай дейді «аспектті талқылауда бірізді терминология жоқ, шақ пен аспектті терминологиялық және концептуалдық шатастыру ғана бар» [8, 138 б.] Аспекттің осындай жалпыға ортақ түсіндірмесінің жоқтығы, оны жоққа шығаруға алып келді.

Ағылшын тілінің аспект категориясы мәселесін зерттеп келе жатқан қазақстандық ғалымдардың бірі Какжанова Ф.А. Жасаған зерттеу жұмыстары бойынша етістіктің алты категориясы бар, олар: шақ, етіс, рай, аспект, жақ және түр. Осылардың әрқайсысы, аспекттен басқа, өздерінің мағынасына ие:

- Шақ (tense) уақыт сызығы бойында іс-әрекетті орналастырады;
- Етіс (voice) іс-әрекеттің бағытын анықтайды: субъектіден объектіге, объектіден субъектіге, немесе субъектіден субъектіге;
- Рай (mood) іс-әрекеттің ақиқатқа (шынайы фактіге) қатынасын білдіреді;
- Жақ (person) іс-әрекет қай жаққа жататынын көрсетеді;
- Түр (number) бастауыш пен баяндауыш арасындағы түр қатынасын белгілейді;

Осылардың ішінде өзінің автономдық түсіндірмесіне ие болмаған тек аспект қана [9, 192]. Какжанова Ф.А. жоғарыда берілген Шелякин М.А. ғалымның түсіндірмесімен келіспейді, өйткені іс-әрекеттің шектілігі дегеніміз, ол «іс-әрекеттің уақыт бойынша өту шектілігі» [10, 46 б.], яғни шексіздігі іс-әрекеттің уақыт бойынша шексіз болуы. «аспект түсіндірмесінен біз аспекттің екі компоненттен тұратынын көріп тұрмыз: біріншісі - іс-әрекеттің қалай өтетіні, екіншісі- өтіп жатқан іс-әрекет уақыт бойынша қалай үлестірілетіні» [9, 192 б.]. Какжанова Ф.А. Айтуынша аспекттің бұндай түсіндірмесі оны жеке дара мағынасынан айырып, шақ категориясымен байланыстырып, оның автономдығын бұзады.

Бір топ ғалымдар ағылшын тілі ежелгі ағылшын дәуірінде пайда болды деген көзқарасты жоққа шығарады. Солардың алдын бастаушы Б.А.Ильиш. Оның зерттеулері бойынша ежелгі герман тілдерінде «үш аспект болды: созылыңқы, мезеттік және нәтижелі. Созылыңқы аспект аяқталуға бағытталмаған қимылдың уақыт ішінде дамуын көрсетеді. Мезеттік аспект аяқталуға бағытталған қимылды белгілейді. Нәтижелі аспект іс-әрекеттің аяқталғанын және жағдайдың жаңа қалпын көрсетеді. Осы үш аспекттен герман тілдерінің шақтары пайда болады.» [11, 28 б.], бірақ Б.А.Ильиш ежелгі ағылшын дәуірінде аспекттің бар болғанын, оның сол дәуірде сақталынып қала алмағанын және оның шаққа дамып кеткенін айтады. Алайда Б.А.Ильиш ежелгі ағылшын дәуірінде аспект Ze- префиксі арқылы берілетінін, оның аяқталған және аяқталмаған деп аталатынын айта отырып, өз айтқан сөзіне қарсы шығып, «ежелгі ағылшын дәуірінде аспект категориясы болды деп айта алмаймыз» деп пайымдайды [11, 106-107 бб.].

О.Есперсен өзінің «Грамматика философиясы» атты еңбегінде «индоеуропалық тілдердегі етістіктер бастапқыда шақтық формаға ие болған жоқ, тек әр-түрлі түр ерекшеліктері болды - аяқталған, аяқталмаған, мезеттік, созылыңқы, бастаушы немесе тағы басқалар,

қазіргі жүйеге негіз болған ежелгі үндіеуропалық тілдерде табылатын осы түр ерекшеліктерінің негізінде шақ формаларының жүйесі ақырындап пайда бола бастады»деп жаза отырып, оған өз жіктелуін ұсынады [12, 334 б.].

Ресей ғалымы Иванова И.П. «ежелгі ағылшын тілі дәуірінде басқа да герман тілдерінде сияқты етістіктердің екі түрі болған: аяқталмаған (яғни, созылыңқы, іс-әрекеттің үзілмеуін білдіреді) және аяқталған (яғни, нәтижелі, іс-әрекетті оның аяқталуы тұрғысынан қарастырады). Бұл көбінде морфология тұрғысынан етістіктің алдына *3e-* (*3i-*) қосымшалары арқылы аяқталған түрді білдіретін, және ол қосымшаларсыз іс-әрекеттің аяқталмағанын көрсететін». Ғалым ежелгі ағылшын дәуірінде аспекттің бар болғанын жоққа шығармайды, тек оның екі түрге бөлінетінін айтады. Иванова И.П. осы *3e-* (*3i-*) қосымшалары уақыт өте келе ежелгі ағылшын дәуірінің аяғындағы ескерткіштерде тек аяқталған іс-әрекетпен қатар аяқталмаған іс-әрекетті білдіре бастағаны туралы жазады. [13, 219 б.]

Блейк өзінің «*A history of the English language*» атты еңбегінде ежелгі ағылшын дәуірінде аспект бар болғанын айтады, «*weorþan, wesan және habban*» етістіктері созылыңқы және аяқталған іс-әрекетті белгілеу үшін кеңінен қолданылған. *Ic sume I come* (Мен келемін) және *I am coming* (Мен келе жатырмын) деген екі түрлі іс-әрекетті білдіре алады, бірақ *weorþan* көмекші сөзі мен осы шақтың есімшесі бірге қолданылған кезде созылыңқы іс-әрекетке көбірек ұқсайды». Автордың айтуынша осындай көмекші сөздер мен өткен шақтың есімшесі қолданылуы аяқталған іс-әрекетті білдіретін. Мысалы: *he hæfþ onþunden* деген сөйлемді *he has found, discovered* (perfect aspect) деп аударуға болады, ал егер оған тағы *æg* қоссақ онда өткен шақтағы аяқталған іс-әрекеттің (pluperfect) формасын жасауға болады.

Тарихи мағұлматтарға шолу жасауымыздың нәтижесінде, Ежелгі ағылшын дәуірінде шақ категориясының кедейлігін байқадық, яғни ол кезде тек екі шақ қана болған – осы және өткен шақ. Бұл категориялар синтетикалық формалардың көмегімен берілген. Басқа шақтарды не контекст мағынасынан тұспалдап түсінуге болады, не мезгіл үстеулерінің көмегімен берілген. Сол кездегі сөйлемнің құрылымы мынадай болған:

OE: *Hu begjst юu weorc юin?*

NE: *How do you do your work?*

Мұндағы *begjst* Indefinite аспектiсiнiң мағынасының осы шақтағы формасы арқылы беріліп отыр. *to be* етістігінің екі формасы болды – *wesan / beon*. Бұл екі формасы да бірдей аударылатын, бірақ қолданулары әр-түрлі болған. *Wesan* етістігі осы және өткен шақта жіктеліп, осы және өткен шақтағы іс-әрекет-факт мағынасын белгілейтін. *beon* етістігі өткен шақта жіктелмейтін және созылыңқы іс-әрекетті белгілеу үшін қолданылатын. Мысалы:

OE: *Ic eom munuc .*

NE: *I am a monk* (Present - state).

OE: *Жlfred kyning hateþ gretan Wжrferþ biscep his wordum luflice ond freondlice...* (Alfred's Preface to Gregory's Pastoral Care) [14, 13 б.]

NE: *King Alfred sends greetings to Bishop Wжrferth with his loving and friendly words...* Жоғарыдағы мысалдар Indefinite аспектiсiнiң Ежелгі дәуірде бар болғанын айқын дәлелдеп тұр. Б.А.Ильиш айтқаны бойынша ежелгі ағылшын тілі дәуірінде «үш аспект болды: созылыңқы, мезеттік және нәтижелі» [5, 28 б.], бірақ олар Indefinite аспектiсiмен беріліп отырған. Мысалы, ежелгі ағылшын тілі дәуірінде Indefinite аспектiсi (OE): *þā sizlde he þonan sūdryhte bē lande, swā-swā he mehte on fif dazum zesizlan*. Қазіргі уақыттағы ағылшын тіліне аударғанда (NE): *Then he was sailing from there to the south along the coast as far as he could swim in five days* [6, 220 б.]. Бұл мысалдан біз Indefinite аспектiсiнiң ежелгі ағылшын тілі дәуірінде Continuous аспектiсiнiң мағынасын білдіре алғанын көріп отырмыз. Тағы бір мысалды қарастырайық, ежелгі ағылшын тілі дәуірінде Indefinite аспектiсi (OE): *þonne monize men mōdum wlonce wordum sprecan, þā þe wel cūþan, þæt hīe næfre song sēlran ne hyrdon*.

Қазіргі уақыттағы ағылшын тіліне аударғанда (NE): Then many men, proud spirit, clearly said that they are well aware that they have never heard a better song [6, 229 б.]. Ал екінші мысалда, аяқталған іс-әрекетті немесе Perfect аспектісінің мағынасын беріп отырғаны анық. Indefinite аспектісінің Ежелгі дәуірде келер шақтың формасы болмағандықтан, ол келер шақтың мағынасын бірнеше жолдармен берген:

• Келер шақтың мезгіл үстеулерімен Indefinite аспектісінің осы шақтағы формасын қолданған. Бұндай кезде жалпы контекст келер шақтағы іс әрекетті білдіре алған.

OE: Ic sette feondrǣdene betweox ioe and iуam wife and iуinum ofspringe and hire ofspringe; heo tobryt iуin heafod and iуu sierwst ongean hire ho. [15, The Fall of Man].

NE: I will put enmity between you and the woman, and between your offspring and her offspring. He will bruise your head, and you will bruise his heel.

Бұл мысалдардан етістіктердің барлық формаларының Indefinite аспектісінің осы шақ түрінде тұрғанын көріп тұрмыз, бірақ мағынасы жалпы келер шақты көрсетіп тұр.

Келер шақта аяқталған іс-әрекетті білдіру үшін де осы шақты қолданған:

OE: ... южт hē iуonne wile dēman, se āh dōmes geweald, ānra gehwylcum swā hē him jgru hēr on iуyssum lжnum life geearnaю [15, The Dream of Rood L. 107-9].

NE: He who has power of judgement, He then will sentence each one, just as he will have earned for himself here in this temporary life.

• Екінші жолы – құрамды баяндауыш арқылы жасалады, ондағы бір етістік модаль етістігі болады да, ал екіншісі – инфинитив. Модаль етістігі ретінде көп жағдайда sculan мен willan қолданылады, олардың өз модальдік мағыналары бар: sculan – міндетті, ал willan – ықылас пен ерікті білдіретін.

OE: Hwжт! Ic swefna cyst secgan wylle. [15, The Dream of Rood: L. 1]

NE: Listen, I will tell the best of visions.

Келер шақты білдірудің бұл жолы қазіргі ағылшын тілінде келер шақты білдірудің түптұлғасы болып табылады, бірақ Ежелгі ағылшын дәуірінде құрамды баяндауыш пен оған жалғанған етістіктің басты қызметі келер шақты білідру емес, ал өздерінің лексикалық модальді мағынасын білдіру болған.

OE: Nu sculon herian heofonrices Weard... [16, Sждmon's Hymn: West Saxon Version L.1].

NE: Now [we] must praise [the] Guardian of [the] heavenly kingdom...

Бұл екі модаль етістігінен басқа тағы қосымша етістіктер құрамды баяндауышпен бірге келер шақтың реңкі мен модальділікті білдірген. Бұндай етістіктерге мыналарды жатқызуға болады: cunnan – білу; durran – дәті бару; mōtan – міндетті болу; мазан – қабілеті болу.

OE: Южs ofereode, iуisses swa тжг [17, Dear L. 27].

NE: That was overcome, so may this be.

Келер шақты білдіруде модаль етістігінің қолданылуы кезінде, етістік арқылы берілген іс-әрекеттің келер шақтың мағынасын білдіретіні анық болған. Ежелгі ағылшын дәуірінің соңына қарай бұндай етістіктер модальділік мағынасын ақырын жоғалта бастаған, өйткені бұл формадағы етістіктер келер шақты білдіреді деп қабылдана бастаған.

OE: Nis nu cwicra nan iуe ic him modsefan minne durte sweotule asecgan [17, Wanderer L. 9-10].

NE: There is none now living to whom I dare clearly speak of my innermost thoughts.

Бұдан біз мынадай тұжырым жасай аламыз, Indefinite аспектісінің Ежелгі дәуірдегі формалары модаль етістігінің көмегімен модальділік мағынаны және аяқталған іс-әрекеттерді де білдіре алған.

Ежелгі ағылшын дәуірінде өткен шақтағы Indefinite аспектісінің етістігі тек өткен шақтағы факт іс-әрекеттерді белгілеп қана қоймай, сонымен қатар аяқталған істерді де білдіре алған:

OE: Юа com южт micel flod, and южт bleowon windas, and ahruron on южт hus, and hit ne feoll: soюlice.... [17, The Man who Built his House on Sand, Matt: 7.27].

NE: Then a great flood came there, and winds blew there, and fell down upon the house, and it did not fall...

О.Есперсонның пайымдауынша «бастапқыда үндіеуропалық тілдер етістіктерінде шақтық формасы болған жоқ, тек диахронияда әртүрлі түрлер болды: аяқталған, аяқталмаған, шапшаң, созылыңқы, бастаушы немесе тағы басқалар, және де осы түр айырмашылықтарының негізінде ежелгі үндіеуропалық тілдерде табылатын және қазіргі заманғы жүйенің негізі болған шақтық формалардың жүйесі пайда болды» [12]. Бұның дәлелі ретінде Indefinite аспектісінің өткен жақтағы формасы сол дәуірде өткен шақтағы созылыңқы істі, өткен шақтағы аяқталған істі және осы шақтағы аяқталған істі белгілеген. OE: *Soplice юа ра мен slepon, юа com his feonda sum...* [17, King James Bible: Mat. 13–25]. NE: *But while men were sleeping, one of his enemies came...*

Іс-әрекеттің сипатын үстеулер мен шылаулардың болуына қарай, ал қосымша реңктерін контекстке қарап анықтауға болатын. Оған дәлел ретінде, өткен шақтағы Indefinite аспектісі өткен шақта немесе осы шақтағы (нәтижені) кез-келген істерді белгілей алуы:

OE: *God cwjр: ‘Hwa sжgde юе южт юу nasod wжre, gif юу ne жте of юам treowe юе ic юе bebead южт юу of ne жте?’* [17, Daniel 6: L. 11]

NE: *God said, ‘Who told you that you were naked? Have you eaten from the tree that I commanded you not to eat from?’*

Сонымен, жоғарыда Т.А.Расторгуеваның «the development of Aspect is linked up with the growth of the Continuous forms. In the Old English verb system there was no category of aspect» [17, 271 б.] деп жасаған тұжырымымен келісе алмаймыз. Жоғарыда берілген мысалдар Indefinite аспектісінің ежелгі ағылшын тілі дәуірінде бар болғанын айқын көрсетіп тұр. Ежелгі ағылшын тілі дәуірінен бастап осы күнге дейін Indefinite аспектісі өзінің синтетикалық түрін сақтап келеді.

Алайда, іс-әрекеттің барлық реңкін бір ғана Indefinite аспектісі арқылы көрсету мүмкін емес болғандықтан, уақыт өте келе Орта ағылшын тілі дәуірінде синтетикалық ағылшын тілі аналитикалық ағылшын тіліне өзгере бастады. Орта дәуірден бастап Аспекттің қалған үш түрі қарқынды дами бастады. Соған қарамастан, Орта дәуірдің кейбір шығармаларында Indefinite аспектісі басқа аспектілердің мағынасын білдіру үшін әлі де қолданылып келді. Мысал ретінде Орта ағылшын тілі дәуірінің өкілі Д.Чоссердың «Кентербери ертегілері» атты шығармасын Блейк алып қарастырғанда «Д.Чоссер Continuous аспектісіндегі іс-әрекетті Indefinite арқылы берген, *Syngunge he was or floytynge all the day* (General prologue 1:91) деген сөйлемде Indefinite аспектісі қолданылып отыр, бірақ *all the day* мезгіл үстеуі бұл іс-әрекеттің Continuous аспектісінің мағынасын білдіріп тұр [17, 152 б.]. Бұл аналитикалық жолмен жасалатын аспектілер сол кезде әлі жүйелі грамматикалық ретке келтірілмегендіктен, көп уақытқа дейін Indefinite аспектісімен алмасып отырды.

